

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

**География және табиғатты пайдалану факультеті
География, жерге орналастыру және кадастр кафедрасы**

6B05205-География білім беру бағдарламасы

**GMH 4305 «Дүниежүзінің экономикалық, әлеуметтік және саяси
географиясы» пәні бойынша**

ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ

2022 ж.

6B05205-География мамандығы «Дүниежүзінің шаруашылық географиясы» пәнінен қорытынды емтихан бағдарламасын әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, География, жерге орналастыру және кадастр кафедрасының доценті, г.ғ.к. Тоқбергенова А.А. дайындады.

Бағдарлама география және табиғатты пайдалану факультетінің география, жерге орналастыру және кадастр кафедрасының мәжілісінде қарастырылды.

Хаттама № 7 «9» қараша 2021 ж.

Кафедра меңгерушісі _____ Нүсіпова Г.Н.

КІРІСПЕ

Курс мақсаты: Дүниежүзінің шаруашылық географиясы бойынша дүниежүзінің табиғат ресурстары мен табиғат жағдайлары, Дүниежүзілік отын-энергетика кешені, дүниежүзілік қара және түсті металлургия өнеркәсібі туралы жүйелі түсінік беріліп, толық игеру.

Емтиханға дайындық кезінде курстың негізгі теориялық мазмұнын қайталауы қажет.

Қашықтықтан оқытуға байланысты бұл пәннен «Қож moodle» тест сұрақтары дайындалды. «Қож moodle» тестілеудің міндеті – оқу жетістіктерін меңгеруге жоспарланған шеберлік пен дағды көлемімен салыстыру болып табылады. Соған байланысты тест құрастыру кезінде материалдық маңыздылық, ғылыми нақтылық, тест мазмұны ғылымның қазіргі жағдайы деңгейіне сәйкестігі, репрезентативтілік, тест тапсырмасы мазмұнының білім жүйелігі талаптарына сәйкестігі, кешенділігі мен теңгерімділігі, мазмұны мен формасының өзара байланысы басшылыққа алынды.

«Дүниежүзінің шаруашылық географиясы» пәні бойынша емтихан on-line тестілеу түрінде dl.kaznu.kz оқу платформасында Moodle ашық кодымен дайындалды.

75 сұрақтан тұратын емтиханға арналған тест тапсырмалары емтихан өтетін күні қол жетімді болады (оқытушы бекітілген емтихан кестесіне сәйкес орнатылады). Тест түріндегі тапсырмалар жиынтығы тест құрастыру талаптарын ескере отырып дайындалды және олар әртүрлі санаттарға (тақырыптарға) бөлінді. **Студенттерге 25 тест сұрақтары беріледі және олар 60 минут ішінде жауап беруі керек.**

ҚОЖ MOODLE – 60 минут 25 сұраққа, **1 әрекет.**

ҚОЖ MOODLE – жиналған балл тестілеуден кейін бірден жүйеде көрсетіледі.

Тестілеудің өтуін бақылау – онлайн прокторинг. Прокторинг технологиясы (ағылш. "proctor" – емтихан барысын бақылау). Прокторлар аудиториядағы әдеттегі емтихандағы сияқты, емтихан тапсырушылардың сынақтардан адал өтуін бақылайды: тапсырмаларды өз бетінше орындауы және қосымша материалдарды пайдаланбауын бақылайды. Веб-камера бойынша нақты уақытта өтіп жатқан онлайн-емтиханды маман (көзбе-көз прокторинг), немесе сыналушының жұмыс үстелін, кадрдағы тұлғалар санын, бөгде дыбыстар немесе дауыстар және тіпті көзқарас қозғалысын бақылайтын бағдарлама (киберпрокторинг) қолданылады.

Студенттер емтихан басталғанға дейін 30 минут бұрын прокторинг бойынша нұсқаулық талаптарына сәйкес емтиханға дайындалуы тиіс.

Тест жасау барысында әртүрлі сұрақтар қолданылды:

Бірнеше таңдау (*Множественный выбор*) (студент сұрақтың жауабын өзіне ұсынылған бірнеше нұсқаның ішінен таңдайды және сұрақтардың біруі немесе бірнеше дұрыс жауаптарға жауап береді);

Дұрыс/Дұрыс емес(*Верно/Неверно*) (студент сұрақтың жауабын «Дұрыс» және «Дұрыс емес» деген екі нұсқаның арасынан таңдайды);

Сәйкестендіру үшін (бірінші топ жауаптарының әр элементін екінші топ жауаптарының элементімен байланыстыру қажет);

Қысқа жауаптар(*Короткие ответы*) (сұраққа жауап - бұл сөз немесе қысқа фраза);

Барлық тест сұрақтарына дұрыс жауап берген жағдайда максимальды 100 балл беріледі.

Тестілеу нәтижелері прокторинг нәтижелері бойынша қайта қаралуы мүмкін. Егер студент тестілеуден өту ережелерін бұзса, оның нәтижесі жойылады.

ЕМТИХАНДЫ ТАПСЫРУҒА ДАЙЫНДЫҚ ҮШІН ТАҚЫРЫПТАР ТІЗІМІ

1. Дүниежүзілік отын-энергетика кешенінің құрылымын анықтап, көмір, мұнай, газ кен орындарына талдау жаса және дүниежүзілік электр энергиясы өнеркәсіптің көшбасшысы екенін дәлелде.
2. Дүниежүзілік қара және түсті металлургия өнеркәсібін жікте. Қара және түсті металдардың шикізат базасын, өндіру және қолдану географиясына талдау жаса және оның экологиялық жағдайына баға бер.
3. Дүниежүзілік машина жасау өнеркәсібінің құрылымын анықта, машина жасау өнеркәсібі салаларының қазіргі дамуына талдау жаса және таралу географиясына сараптама жаса.
4. Дүниежүзілік химия өнеркәсібінің салаларын анықта, салалардың шикізат базаларының ерекшелігіне талдау жаса және өнімнің негізгі түрлерін өндіру және тұтыну географиясына қорытынды жаса.
5. Дүниежүзілік орман шаруашылығының таралуын анықтап, ағаш өнеркәсіп орталықтарына талдау жасаңыз және ағаш өңдеу өнеркәсібінің географиясына сараптама жасаңыз.
6. Жеңіл өнеркәсіп салаларын анықтап, орналасу факторларына талдау жасаңыз және жеңіл өнеркәсіп орталықтарының дамуына баға бер.
7. Тамақ өнеркәсіп салаларын анықтап, орналасу факторларына талдау жасаңыз және тамақ өнеркәсіп орталықтарының дамуына, экспорттауға мамандануына баға беріңіз.

8. Дүниежүзілік ауыл шаруашылығының салаларына жалпы сипаттама беріп, оның салалары өсімдік және мал шаруашылығының дамуына талдау жасаңыз және таралу географиясына баға беріңіз.
9. Дүниежүзінің көлік географиясы құрылымын анықтап, көлік салаларының дамуына талдау жасаңыз және алдағы дамуына сараптама жасаңыз.

Емтиханға дайындалу үшін қосымша оқу материалдары univer.kaznu.kz сайтындағы сіздің парақшаңызда УМКД (ПОӘК) бөлімінде **онлайн қолжетімді**.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Максаковский В.П. Экономическая и социальная география мира. Методическое пособие. Книга для учителей. М.: Просвещение, 2004.
2. Алисов Н.В., Хорев Б.С. Экономическая и социальная география мира (общий обзор): Учебник. М.: Гардарика, 2000.
3. Гладкий Ю.Н., Лавров С.Б. Экономическая и социальная география мира. М.: Просвещение, 2002.
4. Максаковский В.П. Географическая картина мира. Книга 1 М.: Дрофа, 2004.
5. Родионова И.А. и др. Экономическая, социальная и политическая география: мир, регионы, страны. Учебно-справочное пособие. М.: Экон-Информ, 2008.-492с.: илл. 16с.
6. Географический справочник ЦРУ Новейшая информация о всех странах и территориях Екатеринбург 2005.
7. Максаковский В.П., Надыров Ш.М., Мылқайдаров Ә.Т. Дүниежүзінің экономикалық, әлеуметтік және саяси географиясы. Оқу құралы. Алматы «Қазақ университеті» 2013.